



Ақмешіт

2 желтоқсан
сенбі
№95 (2002)
2023 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

АНА – ТІРШІЛІКТІҢ АЛТЫН АРҚАУЫ

ЖАЛДАМАЛЫ ПӘТЕР ЖЕКЕШЕЛЕНЕ МЕ?



Күллі адамзатқа мейірім нұрын төккен барша аналарға деген құрметтің нышанындай алғашқы «Анаға тағзым» орталығы Ақтөбеде бой көтерді. Мұнан соң ел тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай осындай орталық Жамбыл облысында салынып, республикалық аналар форумы өтті. Міне, осы орталықтың жарасымды жалғасындай Қызылорда облысында «Анаға тағзым» орталығы ашылып, үшінші республикалық форумының Сыр өңірінде өтуінің осындай символдық мәні бар.

Салтанатты шараға Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы республикалық Аналар кеңесінің төрағасы

Назипа Шанаи, әр өңірден, аудандардан делегациялар, облыстың зиялы қауым өкілдері, еңбек ардагерлері, мәслихат депутаттары, көпбалалы аналар қатысты. Барлық өңірдің аналар кеңесінің төрайымдары мен мүшелері, аудандардағы әйелдер кеңестерінің мүшелері онлайн режимде қосылды.

Аналардың басын қосқан шарада Сыр елінің өнерлі қыз-келіншектері жасаған өнімдер көрмесі қонақтарға таныстырылды. Көрмеге түйе және ешкі сүтінен жасалған табиғи сабын, ұлттық киім мен әшекейлер, картиналар қойылған.

2 БЕТТЕ

4 БЕТТЕ

Осыдан бес жыл бұрын, 2019 жылы елімізде жастар жылына орай жұмыс істеп жүрген жастарға жалдамалы үйлер көптеп салынғаны белгілі. Бұл игі бастама әсіресе үлкен қалаларда жұмыс істеп жүрген жастарды қуанышқа бөледі. Арман қуып Астанаға барған жастар бір пәтерге қол жеткізгеніне қуанғаннан бөрік аспанға атты.

Жалпы жастардың баспаналы болуына мемлекеттің қамқорлық жасауы әлемде бірқатар дамыған елдердің тәжірибесінде бар. Мәселен, Швецияда жастардың үй алуы үшін жеңілдіктер мен субсидиялау қарастырылған. Германияның бірқатар аймақтарында жас отбасылар үшін тұрғын үй қаржысын субсидиялау бағдарламасы жүзеге асады. Канадада алғашқы үй

бағдарламасы аясында қаржылай қолдау білдіру және арендалық төлемді субсидиялау жеңілдігі бар. Жапонияда да жастардың баспаналы болуына жеңілдіктер қарастырылған. Елде жастар үшін арнайы арендалық үйлерді пайдалануға беру игі бастама, жақсы жаңалық болғаны рас.

Тынышбек ДАЙРАБАЙ, этнограф-жазушы:

ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТОПЫРАҒЫНАН НӘР АЛДЫМ

Бүгінгі жүрекжарды сұхбатымыздың қонағы – Сыр өңірінің батырларын, би-болыстарын, ақын-жырау, атақты тұлғаларын әлемге әйгілей жүріп, өзі де қайраткерліктің шыңына көтеріліп, қазақтың рухани қазынасын байытуға үлес қосқан зерттеуші, этнограф, жазушы, «Құрмет» орденінің иегері, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», Қорқыт ата университетінің Құрметті профессоры, Қызылорда қаласының, Сырдария, Жалағаш, Қармақшы аудандарының Құрметті азаматы Тынышбек Дайрабай.

3 БЕТТЕ



– Сіздің балалық шағыңызда қиын-қыстау күндерді басыңыздан өткізгеніңіз ақиқат. Себебі сұраныл соғыс жылдарында дүниеге келдіңіз. Десе де өмірдің ашысы мен тұщысы қатар жүреді ғой. Есіміңіздің өзінен тыныштық аңсаған елдің тілегі сезіледі. Елге төнген нәубеттен ерте есейген боларсыз?

– Соғыс зардабын ол кезде түсінетін жаста емеспін. Бірақ өзімізбен бірге ойнаған Жақыпбек Қожахметов, Жаппарбек Үмбетовтер көктем шығысымен сабаққа жалаңаяқ келетін. Жокшылықтың әсері ғой. Біздер ауқаттылау отбасы болғанымызбен жазда аяғымызға презент туфли, қыста керзі етікпен телегейка киетінбіз. Ал бірінші сыныптан бастап жүгері собығын аршу, кейінірек бидай ору, арық қазуға да жіберетін. 6-7 сыныптан бастап өгізге байланған шөп оратын машинкаға отырып, шөп ордық.

Шамамен 1947-1948 жылдар болу керек, «Көктөбеде» отырғанда «ауала, ауала» деп шешен ағайындар үйлерге келетін. Біз олардан қорқатынбыз. Сөйтсек ашқұрсақ болып тамақ сұрағандары екен. Осындай қиыншылық басымыздан өтті. Біз өзге ұлт өкілдеріне де құшағымызды кен ашып паналаттық, бір нан жесек жартысын соларға берген күндеріміз болды.

3 БЕТТЕ

МЕН БІР АҚҚУ ЖАРАЛЫ...



«1996 жылдың бірінші қазаны. Күздің салқындау сәті. Түстен кейінгі уақыт, сағат 16:00. Сол кезде мен небәрі 27 жаста едім. Быыл осы орталықты пана тұтқаным 27 жыл болыпты», – деді Кенжегүл Маханбетова.

Сыр еліне өнері жағынан танымал кейіпкерімізді іздеп, №1 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығына бардық. Терезеден күн саулесі түскен жып-жылы, айналасы алғыс хаттармен безендірілген бөлмеде жүзі жарқыраған Кенжегүл Маханбетова бізді күлімдеп қарсы алды. Тағдырдың жазышымен қоларбаға таңылған бұл жаннның қос қанатындай болған ата-анасы қазір өмірден өткен. Бауырларына масыл болмас үшін өзі ерікті түрде осы орталыққа сұранып келген.

4 БЕТТЕ

Баспасөз-2024

АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?

Баспасөзге 2024 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүруде. Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз төріңізде тұрсын! Жекелер үшін

6 айға – 3000 теңге, мекемелер үшін – 4000 теңге.

Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08.

■ ӘКІМГЕ АЛТЫ САУАЛ



ҚЫЗЫЛӨЗЕК: КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ӨРІСІ КЕҢЕЙДІ

«Әкімге алты сауал» айдарының бүгінгі қонағы – Қызылөзек ауылдық округінің әкімі Сәкен ӘБДЖАППАР.

3 БЕТТЕ



ЖАЛДАМАЛЫ ПӘТЕР ЖЕКЕШЕЛЕНЕ МЕ?



«2019 – Жастар жылында жұмысшы жастарға берілген жалдамалы пәтерлер бүгінде жастардың басты мәселесіне айналды. 2019 жылдан бері Астана, Алматы, Шымкент қалаларында жалдамалы пәтерге орныққан жастардың саны 10 мыңға жуықтады. Бұл аудан халқымен паранар екенін ескерсек, мәселеге назар аудару керек».



«Отбасы» банкін реформалау туралы заң жобасы Мәжілісте, бірақ елдегі ипотекалық несиенарығындағы бірінші банк саналатын «Отбасы» банкін қурылымға қалай өзгертетіні әлі анықталған жоқ.

Мәжіліс бірінші оқылымда «Отбасы» банкін ұлттық даму институтына айналдыру туралы заң жобасын мақұлдады. Егер заң қабылдана, банк жергілікті атқарушы органдардың кейбір функцияларын алады. Атап айтқанда, кезекте тұрғандардың барлық тізімі «Отбасы» банктің «тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы» электронды базасына беріледі.

«ОТБАСЫ» БАНКІНЕ РЕФОРМА НЕНІ ӨЗГЕРТЕДІ?



Банк қызметін қайта қарау туралы Президент Жолдауында айтылған. Жолдаудан туындаған тапсырма бойынша Үкіметке тұрғын үй бағдарламасын әзірлеу тапсырылды, оның әкімшісі «Отбасы» банкі болады. Жолдау жүктеген міндеттің бірі – қазақстандықтар үшін тұрғын үйді қолжетімді ету, оны бір терезе қағидағы бойынша бөлуді қамтамасыз ету.

«Отбасы» банкінің құрылымы қалай өзгереді деген сауал көпшілікті қобалжытқаны рас. Алайда заңға енгізілетін өзгерістер «Отбасы» банкінің негізгі функциясына келерлігі келтірмейді. Бұл орайда «Егемен Қазақстан» газеті «Отбасы» банкінің басшысы Ләззат Ибрагимованың пікірін жариялады. Оның айтуынша, «Отбасы» банкі ұлттық даму институты болып қайта құрылғанмен, бұрынғыдай банк болып қала берді.

– Тұрғын үй саясатын реформалау бөлігінде түзетулер қабылданған жағдайда кезекте тұрғандардың тізімі «Отбасы банкінің» базасында құрылым түрғын үймен қамтамасыз ету орталығына беріледі. Бұл ретте қаржы құрылымының өзі екінші деңгейлі банктердің міндеттерін сақтай отырып ұлттық даму институты болып қайта құрылады. Банк функциясы кеңейтіледі, бірақ ол банк болып қала берді. Сөйтіп, тұрғын үй құрылыс жинақталу жүйесін жүргізеді. Қазақстандықтар бұрынғыдай өз жинақтарына «Отбасы» банктен сыйақы және мемлекет сыйлықақысын ала отырып, депозитке қаражат жинай алады. Мәжіліс депутаттарының талабы бойынша банк, тіпті даму институты бола тұра Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі, сонымен бірге Ұлттық банк қадағалауында қалады. Олар қаржы институтына қатысты бақылау-қадағалау құзыретін сақтайды. Демек клиенттердің барлық депозиті мемлекеттің сенімді қорғауында қала берді, – дейді Л.Ибрагимова.

Банк басшысы тұрғын үймен қамтамасыз ету орталықтарын құру бойынша да пікір білдірді. Айтуынша, азаматтар белгілі бір санаттарға жататынына қарамастан есепке тұра алады.

– Әр өтім бойынша отбасының цифрлық портреті қалыптастырылады. Онда кіріс, мүлік, актив бойынша ақпараттар жинақталады. Бұл баспанаға мұқтаж азаматтың отбасылық жағдайы туралы барлық сипаттаманы бір жерде сақтауға мүмкіндік береді. Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы мемлекеттік деректер базасымен интеграцияланған бірыңғай ақпараттық базаға айналады. Бір терезе қағидасымен жұмыс істейді. Бұл ретте кезекке қатысушылар бойынша мәліметтерді өзектендіру үшін заң жобасында кезекте тұрғандарды тоқсанна кемінде бір рет түгелдеп отыру көзделді, – дейді «Отбасы» банкінің төрағасы.

Бүгінде «Отбасы» банкінің 2,7 млн-ға жуық салымшысы бар. Арзан несиені, нақты мөлшерлемелер жағынан халыққа жақын екені сөзсіз. «Отбасы» банк тұтынушылары бағдарламаларға қатысып, ипотекалық несиені 3,5 пайызбен алады, ал өзге екінің деңгейлі банктер нарыққа тәуелді екенін айтады сарапшылар. Қалай айтқанда да, «Отбасы» банкі тұрғындардың үй аласам деп үміт артқан, табысына лайық төлем төлеуге ыңғайлы қаржы ұйымы екені сөзсіз. Жаңа заң бойынша құрылым өзгеретін банк негізгі қызметін жоғалтпайды, яғни банк болып қала берді. Ең бастысы, бұл өзгеріс те халық үшін қолайлы болмақ. Тұрғын үй кезегінің ашық, сыбайластыққа жол берілмеуі үшін де бұл реформа қажет болып отыр.

Дәл сол кезде қуанған жастардың бұл да уақытша пәтер екенін ойлап жатуға шамасы болмады десек, артық айтқандық емес. Себебі пәтерден пәтер жағалап, бар табысын қуықтай орын үшін жұмсайтын жастар бұл жалдамалы үйді «өз үйім – өлең төсегім» деп қабылдап, тіпті жөндеу жұмыстарын жүргізіп, қоныстой да жасады десек, сөзіміз өтірік болмас. Міне, содан бері де зырғып бес жыл өте шығыпты. Бес жыл ішінде не өзгерді? Жас отбасылар бұл уақыт ішінде үй алуға ақша жинап үлгерді ме? Мұндай мүмкіндік болды ма? Енді жылы орнын суытып қайда барады? Жалдамалы үйде тұрып жатқан жастардың жайын мәжіліс депутаты Дәулет Мұқаев қайта-қайта көтеріп жүр.

Депутат 2019 жылы баспана алған жастар коронавирус пандемиясына тап болып, 42500 теңгеге қарап қалып, үй алуға ақша жинап алмағанын алға тартады.

– Бағдарлама алғашында 5 жылға берілсе, кейінгі жылдары 3 жылға тағы қысқарды. Бүгінде елімізде инфляция деңгейі де шарықтап, үй бағасы жылдан-жылға өсті.

бағдарламаға қатыса алмаса, қалай баспаналы болады?

Төртіншіден, бүгінде Қазақстанда баспана алуға тиімді бағдарлама жоқтың қасы. Мен бұл мәселені бірінші сессияда да көтерген едім. «7-20-25» – аты бар, заты жоқ бағдарлама. Ал Отбасы банк арқылы 50% бастапқы жарна жинау 5 жылда мүмкін де емес. 2019-2020 жылдардан бері нарықтағы үй бағасы екі есе өсті», – дейді депутат.

Мәжіліс депутаты жастарға осы үйді әрі қарай жеңілдетілген несиенен сатып алуға жағдай жасау керектігін айтады.

Жастарға кемі 10%-дық бастапқы жарнамен өздері тұрып жатқан баспанасын сатып алуға мүмкіндік беру мәселесін қарастыруды сұраймын және нарықтағы «Елорда, Алматы жастары» ипотекалық бағдарламалары секілді пайыздық мөлшерлемесі де 5%-дан аспауға тиіс», – дейді Дәулет Мұқаев.

Депутат жалдамалы үйлерді тиімді бағдарламамен беру керектігін айтады. Мұндағы тұратын жас отбасылар да тегін сұрап отырмағанын жеткізді.

Бұдан бес жыл бұрын талай жасты қуанышқа бөлеген арендалық үйдегі жастардың енді қайда баратыны мәселеге айналғалы тұр. Депутат сауалына әзірге ресми орындар нақты жауап бермеген сынайы. Шынында, бес жылда үй алуға мүмкіндігі болмаған жас отбасылар тағы да үйсіздердің санын көбейте ме? Мәселе қалай шешіледі? Бұл тақырып әлі жабық күйінде қалып отыр.

«Жастар саясаты туралы заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес, жастар санаты 29 жасан 35 жасқа дейін өсті. Сәйкесінше, үй алған жастар бүгін де жастар санатынан шықпады. 5 жылда балалы болған жастар қаншама? Олар шешеттей бала-шағамен қайда бармақ? Ал елде жастарға арналған бірыңғай мемлекеттік баспана бағдарламасы жоқ».

Бұл жастарға өз баспанасын алу үшін қаржы жинауға берілген үлкен мүмкіндік еді. Алайда Үкімет бұл бағдарламаны қабылдағанда өзге де факторларды ескеруді назардан тыс қалдырған сынайы. 2019 жылы баспана алған жастардың пәтерді босатуына да бір жылдан аз уақыт қалды. Бүгінде мегаполистердегі жастардың далада қалу қаупі жоғары», – делі Дәулет Мұқаев.

Біріншіден, қымбатшылық қыспаққа алып, баспанаға қаржы жинаудан күнкөріс мәселелі алдыңғы орынға шықты.

Екіншіден, Жастар саясаты туралы заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес, жастар санаты 29 жасан 35 жасқа дейін өсті. Сәйкесінше, үй алған жастар бүгін де жастар санатынан шықпады. 5 жылда балалы болған жастар қаншама? Олар шешеттей бала-шағамен қайда бармақ? Ал елде жастарға арналған бірыңғай мемлекеттік баспана бағдарламасы жоқ.

Үшіншіден, жалдамалы пәтер алған жастар өзге де мемлекеттік бағдарламалар мен үй кезегінде тұру мүмкіндігінен айырылған. Ақшасын жинап отырған жастар басқа

«7-20-25»-тің орнын жаңа бағдарлама баса ма?

Бір баспана алудан үмітті жандар мемлекеттік бағдарламаларға арқа сүйейтіні белгілі. Қанша отбасыға баспаналы болуға мүмкіндік берген «7-20-25» бағдарламасы келер жылы жалғасын табар ма екен деген сауал бүгінде жиі қойыла бастады. Бұл келер жылы іске қосылатын «9-20-25 жаңа бағдарламасы туралы айтыла бастағаннан болар.

Жаңа бағдарлама «7-20-25»-тің жүзеге асуына еш кедергі болмайды екен. Бұл туралы Ktrisha.kz порталына «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ сыртқы коммуникациялар менеджері Айбар Олжаевтың пікірі жарияланды. Оның айтуынша, «7-20-25» бағдарламасы 2029 жылға дейін жалғасады, жыл сайынғы лимит те (100 млрд теңге) өзгермейді.

Айта кетелік, бұл пайыздық мөлшерлемесі төмен ипотекалық бағдарлама ретінде көптің сұранысына ие болды. Дегенмен сарапшылардың пікірінше, мұның да көп көкейіне қонбайтын тұстары жоқ емес. Мәселен, бұл бағдарлама бойынша жаңа үйлерден ғана алуға болады. Алайда қазір жаңа үйлер құрылыс басталғаннан сатылып кететіндіктен пайда-



лануға берілген үйден пәтер табу көпшілікке қиын соғады екен. Сондай-ақ тұрғын үй бағасына шектеу қоюды да нарық талабы көтермейтінін айтады. Бағдарлама талабына сай бағада үй табу да тұрғындарға кедергі болатын мәселенің бірі. Бағдарлама қаржысына лимит қойылуы да дұрыс емес дейді мамандар. Бар болғаны 100 млрд теңгені әр банкке 25 млрд теңгенен бергенде, бұл қаржы баспаналы болуды армандаған

жандардың арманын жүзеге асыруға жетпейтіні белгілі. Қалай айтқанда да 2018 жылы басталған бұл бағдарлама да талайдың баспаналы болуына мүмкіндік берді. Тағы да сандарды сөйлестік, оператор-банктер бағдарлама басталғалы бері бүгінгі күнге дейін 958 млрд теңгенен астам сома көлемінде несиен берген. 2029 жылға дейін жалғасатын бұл бағдарлама әлі талай отбасының баспаналы болуына жол ашатыны сөзсіз.

Телефондағы банк немесе мобильді банкинг бәсекеге қабілетті

Бүгінде қолма-қол төлем жасау қалып барады. Алақандай сенсорды саусақпен түртіп жіберіп-ақ кез келген банкке кіріп, несиені алып, несиені төлеп, тіпті әлемнің кез келген еліндегі дүкеннен сауда жасауға болады. Бұл банктердің қаржылық қызмет көрсетудегі мобильді қосымшасының қарқынды дамып келе жатқанының нәтижесі.

«Ranking.kz» сайты қаржы саласындағы танымал мобильді қосымшалар туралы жариялапты. Google Play мәліметтері бойынша қаржы саласындағы ең танымал мобильді қосымша Kaspi.kz қосымшасы. Екінші орында – Halyk Bank-тың Halyk мобильді қосымшасы. «Home Credit Bank – онлайн банк» үздік үш мобильді қосымшаның бірі. Банк клиенттері барлық негізгі қызметтерге қол жеткізе алады, соның ішінде басқа банктердің карталары арасында тегін аударымдар, үш минут ішінде банктік несиені, депозиттер, төлемдер және т. б. бар.

Осы үш қаржы институтының қосымшалары басқа екінші деңгейлі банктердің қосымшаларымен салыстырғанда жүктеп алу саны бойынша да көш бастап тұр. Оның үстіне, айырмашылық сан алуан. Kaspi.kz және Halyk Bank мобильді

қосымшаларды 10 млн-нан астам, ал Home Credit Bank 5 млн-нан астам жүктеп алған болса, басқа банктер үшін қосымшаларды жүктеп алу саны 1 млн-нан көп емес.

Сондай-ақ елімізде банктердің онлайн қызметтерін белсенді пайдаланушылар саны жылдан жылға артып келеді. Егер 2022 жылдың басында олардың саны 19,3 млн болса, қазір ол 22 млн-нан асты.

2023 жылдың бірінші жартыжылдығында қолма-қол ақшасыз операциялардың жалпы құрылымындағы онлайн транзакциялардың үлесі саны бойынша 73,5% және көлем бойынша 85,8% құрады. Құн сайын цифрлық банкинг арқылы жалпы сомасы 297,7 млрд теңгеге орта есеппен 21,3 млн транзакция жасалады екен.

Онлайн-банкінг қызметтерінің артуы халықтың цифрлық сауаттылығын өсуімен қатар жүреді. Ұлттық статистика бюросының сауалнамасына сәйкес, ҚР-ның 6 жастан 74 жасқа дейінгі тұрғындарының цифрлық сауат деңгейі 2021 жылғы 87,3%-дан 2022 жылы 88,3%-ға дейін өскен.

Бетті дайындаған Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА
Суреттер ашық дереккөзден алынды

Тынышбек ДАЙРАБАЙ, этнограф-жазушы:

ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТОПЫРАҒЫНАН НӘР АЛДЫМ

– Жаныңызға жақын туған жеріңіз туралы айта кетсеңіз...

– Туған жердің топырағынан нәр алдым. Біз өскен жерде сексеуіл, селеу, жынғыл, шенгел, алабұта, кекіре, есекмия, камыс, бидайық, ажырық, жантақ өскен. Құттыбай құмы басынан көсік, жуаны талай тергенбіз. Сондай-ақ қырғауыл, қоян, қарсақ, мәлін, шибөрі, байғыз, атшақөкек, сауысқан, қара қарға, шымшық, бозторғай, көлдерде балықшы, тырна, қаздар қауқылдап жатса, Қаратабан жайлауынан әсіресе кешкілік қозы мен лақтар маңыраса, сиырлар мөңіреп, жылқылар кісінеп жататын. Менің балалығымның бейнесі осындай көріністерден тұратын. Ең қызықты шақтар еді ғой. Біз ойнаған, жүрген жерлер Құмарал, Донғал, Тұзды құмы, Қаратабан, Басар арығы, Іздібай көлі мен «Қырық жайын», «Бала кеткен», «Сасықөзек» біздердің жүрген жеріміз. Атынан көрініп тұрғандай көлден қырық жайын ұсталған, ал «Бала кеткен» жерден бала суға ағып кеткен. Қазіргі күндері бұл жерлерде су жоқ деседі. Бұлар түгіл Жанаталап ауылы ішіндегі арықтарда су мөлшері өте аз. Ол тұста доп таяқпен, асық ату ойыны, кей кезде арықтар мен көлде қатқан мұз үстінде сырғанак тебу, кейіннен конькимен жүгіретінбіз. Бірақ мен асықты нашар ойнадым. Ағам Жәкен ұтып жинап берген асығын бір жетіде-ақ ұтылатынмын. Жаяу жарыс, күрескен кездеріміз де болды. Көбіне-көп «Бәлей тама» қасындағы сайда күресетінбіз. Ол кезде кино, концерт өте сирек болады. Өртістер де сирек келетін. Ағайындар жиналғанда «Алпамыс», «Қобыланды батыр», «Мұңлық-Зарлық» секілді жырларды оқып беретінмін. Ауыз әдебиетіне деген ықыласым бастауышта басталды.

Мен ауылда өсіп-жетілгенімді мақтаныш тұтамын. Сондықтан да әрдайым туған жерге асығамын.

– Мемлекеттік қызметте жүріп, зерттеу ісіне араласуыңыз, қиын болған жоқ па?

– Өмір жолыма қарап отырса, мемлекеттік қызметте 19-20 жылдай еңбек еттім. Қай қызметте болсын адал болуға, әрбір істі жауапкершілікпен атқаруға тырыстым. Тіпті 1985-1990 жылдардағы қиын кезеңде ауданның бірінші басшысы марқұм Жолдасбек Ерешев бір үлкен мәжілісте: «Теренөзекке келетін инден бастап көлікке дейін мына Дайрабаев басқарды» деген сөзі есіме түсіп отыр. Ол кездері мұндай тапсырманы орындау үлкен жауапкершілік еді. Осы сөзден-ақ еңбекке деген жауапкершілігіміз білерсіз.

– Өзіңізбен тұста қаламгерлер сіз туралы есімі Тынышбек болғанмен, керісінше тыным таппайтың, тың ізденістерден қол үзбейтін ширақ жан деп баға

Басы 1-бетте

беріңгі. Сіз осынша алапат күш-жігерді қайдан аласыз?

– Ол рас, әрине, біреу өтініш немесе ұсыныс айтса, соны орындауға тырысамын. Менің тынымсыз, бірақ тындырымды еңбегімді кезінде бағалаған Социалистік Еңбек Ері Ұзақ Епанов, Алдаберген Бисенов, қоғам және мемлекет қайраткері Алмағұл Божановалар болды. Олар осы сөздерді жиі қолданатын. Еңбек сүйгіш қасиетті ата-анадан, туған жер топырағынан алған болармын. Алапат күш деп отырғаныңыз менің еңбегім туралы болар. Ең алдымен адам туып-өскен жердегі белгілі тұлғалар Жәрімбет, Үбіс, Сәдір, Сәтбай билермен қатар Бәйткі-Тоғанас батырлар, ақын-жыраулар Жұбанияз, Жарылқап, Қосназар, Әбдікерім Онолбаев, Асқар Қожахметов, ел ақсақалдары атанған Дайрабай, Майлыбай Бекбергеновтер, Нұржан Жұдырықов, Әбжәлел Қожабаев, Шайымбет Есов тағы басқаларды көріп өстік. Менің бақытыма білгір де, шешен болған ақсақалдардың біразын көріп сөйлескенім бар. Олардан ел мен жердің тарихын, елден шыққан қоғам қайраткерлерінің есімдерін тани түстік. Солардың бірі де, бірегейі – Темірбек Қараұлы Жүргенов. Бұл кісі туралы (1969) диплом жұмысын жазып, 1998 жылы алғашқы кітабымды жазған едім.

– Аргы тектеріңізге ғұлама ғалым кісілер болды па еді? Әлде сізді шыңдаған ұстаздарыңыз болды ма?

– Өз бабаларымды атап айтсам ақындығы мен ғұламалығы бар адамдар жоқтың қасы. Бірақ көне сөздің күмбіріндей болған елге ақсақалдық жасаған, бүгіндері сөздері ел арасында қалған Дайрабайдың өзі не тұрады. Ұстаздарыма келсек кезінде мектеп директоры болған Қытайы Бегімова, Мұзапап Шотықов және өзге де ұстаздарды қосағанда болады. Айтпақшы 1969 жылы ҚазҰУ-ды бітіріп Теренөзек аудандық газетінде қызметке тұрар кезімде, үйге ұстазым, ақын Асқарбай Қожахметов келді. Қызметке тұруыма әкемнің қарсылығын естіп келген болса керек. Өңгіме барысында «Мәке, баланың жолын бөгеміз, қызметке жіберіңіз» деп әкемді көндіргені бүгінгідей есімде.

– Ешкімінен ешнәрсе сұрамай-ақ сонау ХХ ғасырдың 90-шы жылдарында ұлт рухының арқасында де айрықша еңбек еткен баға жетпес мол мұраларды жинап қоймай оны жарыққа шығардыңыз. Бір ауыл, аудан емес Сыр елінің мол тарихын әзірлей отырып, Қазақстан тарихында беймәлім жатқан тұлғаларды тірліктіңіз. Осы жайың сөз етсеңіз...

– Расында, сонау 1959-1960 жылдарда басталған ауыз әдебиетіне деген құмарлық мені осы жолға салды. Тарихи дүниелерді зерттеумен, оны жазумен айналыстым. Шежіре, ауыз әдебиет мұрасын, жазба

құжат арқылы дәйектеп отырдым. Бір ғана Сыр еліндегі ру-тайпалардың белгілі аудандары ғана емес Арқа, Ақтөбе, Өзбекстанның Тамды өңірлерінен қалам сілтедім. Зерттеу мен зерделеудің нәтижесінде 1991 жылдан бүгінге дейін тарихи-танымдық 30-дан астам кітап шығардым. Мемлекеттік тапсырыспен 3 кітабым ғана шықты. 2006 жылы зерттеуші, фольклорист Мардан Байділдаевқа арнап «Мардан» атты кітапты құрастырдым. Өтініш айтушы сол кездегі аудан әкімі Марат Есенов болатын. Олар баспахана шығынын төлеп берді. Тағы да Жалағаштан өтініш түсіп «Жалағаш жері – жыр кені» атты кітапты (ақын-жазушылар, журналистер топтастырылған) 2008 жылы баспадан шығардым. Ол тұста аудан әкімі Өмірбек Шәменов еді. 2009 жылы «Сырдария» (Теренөзек) ауданы атты еңбекті шығардым. Аудан әкімі Сұлтанбек Тәуіпбаев болатын. Жоғарыдағы үш кітаптан бірде-бір қаламақы алған емеспін. Мен сұрамадым, олар үндемеді. Еңбегімнің ел игілігіне жарап жатқанына қуандым.

– Шәкірттеріңіз бар ма?

– Шәкірттерім бар. Олар Қали Омаров, Құрманғали Ашанов, Ғабит Тұяқбаев, оларға Бақытжан Ахметовті де қосымыз болады.

– Өзіңіз секілді зерттеуші, зерделеуші болу үшін қазіргі жастарға қандай қасиеттер керек деп білесіз?

– Ең алдымен қазіргі жастар ел тарихын, жер тарихын білуі тиіс. Қазақ халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, атаек шежіресін жақсы білуі керек. Әрбір жас өз ауылының, өңірдің, бүкіл елдің тарихын терең оқып білгенде ғана зерделілікке жол ашылады. Алдымен ауылдан баста, шежіренді біл дегім келеді.

– Қазір жаңа технология күнделікті өмірімізге енді. Технология мүмкіндіктерін пайдалана отырып, ел мен жер тарихын зерттеу қажет пе? Газет-журналдар құндылығы әлі бағалы ма?

– Көпшілік жастар технологияны меңгеріп жатқан тұста (электронды жазба) мол мүмкіндіктерді пайдалана отырып газет-журналдарды, кітаптарды шығару керек. Өйткені газеттердегі аса маңызды мақалалар мен зерттеулердің астын сызып оқығанға не жетсін.

– Сыр жұртына айтар тілегіңіз...

– «Сыр – Алаштың анасы» деген қасиетте де кәсіпкерлік сөздерге біраз маңыз берген жөн. Сыр халқының мәдениеті мен өнер-білімі, экономикасы мен әлеуметтік жағдайы әр тұста ел басқарған азаматтардың жұртшылыққа жақын болып, олардың талаптарын әрдайым орындауға баса назар аударғаны дұрыс.

Сұхбатты жүргізген Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ОҢ ШЕШІМІН ТАБУДА

«AMANAT» партиясының Қызылорда қалалық филиалында қалалық мәслихаттың VIII шақырылымдағы депутаттық фракцияның мүшесі Айгүл Мұсабаева баспасөз мәслихатын берді. Онда өзіне бекітілген жұмыстардың 6 айда атқарылған есебімен мен алдағы жоспарын айтты.

Партияның 2023-2024 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасының «Жол картасындағы» индикатор көрсеткішінің орындалуы бойынша, партиялық бақылау жасалған. Оның ішінде қаладағы инфрақұрылым, құрылыс нысандары мен жол және әлеуметтік сала бағыттары бойынша партиялық бақылау комиссиясының мүшелерімен бірлесіп көшпелі отырыс өтіп, көптеген мәселе талқыланды. Соның бірі – Қорқыт ата ескерткіші жанындағы анфитеатрды жастар орталығына беру еді. Бүгін де оны жастар ресурстар орталығына беру жөнінде шешімі қабылданды.

Сондай-ақ кітапханалар жүйесінің материалдық, техникалық базасын жақыртандыру мен жабдықтау және цифрлы ресурстармен қамтамасыз ету мәселесі де қолға алынды.

Фракция мүшесі Айгүл Мұсабаеваға бекітілген Шұғыла шағын мөлтек ауданындағы мәселелер оң шешімін тапқан. Оның айтуынша, тұрғындар сайлауға дейінгі кездесуде балалар ойын алаңы мен спорт алаңын салып беруді сұраған. «AMANAT» партиясының жол картасы аясында бір жылда 10 ойын алаңы салынуы керек. Алайда қаржыға байланысты бюджеттен бір ғана ойын алаңы салынған. Оның құны 17 млн 500 мың теңгені құрайды. Мұнан бөлек аймақ басшысының қолдауымен демеушілер есебінен қалада 80 ойын алаңы салынды.

Сонымен қатар оқушылардың жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қатар тұрған №7 мен №235 мектептің бойына түнгі жарық орнатылып, жауу жүргіншілер жолының жөндеу жұмыстары жүргізіліп, №235 мектептің ауласына қиыршық тас төселген.

Тұрғындардың сұрауы бойынша Ясауи көшесі бойындағы темір жол арқылы өтетін жауу жүргіншілерге аспалы

көпір салынууда. Қазір бұл жұмыстың 90 пайызы аяқталды.

Шағын аудандағы №22 көпқабатты тұрғын үйдің ауласына «қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары» бөлімі балалардың ойын алаңын абаттандыру жұмысын қолға алды.

Депутат Айгүл Мұсабаева алдағы уақытта уәкілетті органдармен бірлесіп атқаратын жұмыстарын да айтып берді.

– Өз тарапымынан балалардың қауіпсіздігі мен жайлы орта қалыптастыру бағытында облыс бюджетінен қаржы бөлуге ықпал етіп, бюджет және экономикалық даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия отырысына қатысып, бірнеше мәселеге қатысты ұсыныс бердім. Оның бірі – 1979 жылы пайдалануға берілгеннен бері жөндеу көрмеген №7 мектеп лицейі. Осыған орай жөндеу жұмыстарына құны 6,7 млн теңге ЖСҚ әзірленіп, 2021 жылы мемсараптамадан оң қорытындысы алынған еді.

Мұнан бөлек, Шұғыла шағын ауданындағы № 21, 24А үйлер күрделі жөндеуді қажет етеді. Тіпті қайта қанғыртудан өткен № 39, 7 үйлерін тексеру барысында олардың сапасыздығы анықталды. Қазір осы үйлер қайта жөндеуден өтуге тиіс.

Сондай-ақ шағын аудандағы №10, 11, 13 үй орналасқан көшеге түнгі жарық, жауу жүргіншілер жолы қажет. Ол да депутат назарындағы мәселе.

Депутат мұнан бөлек мүмкіндігі шектеулі балаларға қамқорлық жасау, оналту орталығын ашу, қала көшелерінде қаңғыбас ит көбеюіне байланысты шешу жолдарын табуға тиісті орындарға ұсыныс бергенінде айтты.

Нәзира МҰҚАТАЕВА

Жақында мемлекеттік қызметкерлер арасында тағылымдық мәні зор «Оқитын ұлт» мәдени жобасы аясында «Жылдың үздік оқырманы» атты облыстық байқауы өтті. Әбділдә Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында өткен байқауды ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті және облыстық мәдениет және спорт басқармасының бірлесуімен ұйымдастырды. Оған облыстағы мемлекеттік қызметкерлер қатысты. Оның ішінде 12 маман бақ сынады.



ЖЫЛДЫҢ ҮЗДІК ОҚЫРМАНЫ АНЫҚТАЛДЫ

Облыстық байқаудың басты мақсаты – мемлекеттік қызметкерлердің кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, үздік отандық және әлемдік әдебиеттерді насихаттау.

Байқау поэзия мен проза жанрында екі кезеңнен тұрды. Қатысушылар бірінші кезеңде ұлы ақындардың өлеңдерін мәнерлеп оқыса, екінші кезеңде жазушылардың шығармаларына таллау жасады.

Нәтижесінде қазылар алқасының шешімімен I орынды Жалағаш ауданының мәдениет және спорт бөлімі секторының меңгерушісі Бибисия Дүйсенбіева алса, II орынды Төретам кенті әкімі аппаратының жетекші маманы Рауабау Қаракееваға бұйырды. Ал III орынды «Сырдария ауданы, Теренөзек кенті әкімі аппараты» КММ-нің «Әкімшілік» бөлімшесінің басшысы Лаура Смағұлова иеленсе, Шиелі аудандық қоғамдық даму бөлімінің бас маманы Гулшат Махан бас жүдені жеңіп алды.

Қалған қатысушыларды «Қызылорда облысы әкімі аппараты»

НАЛТЫН



ҚЫЗЫЛӨЗЕК: КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ӨРІСІ КЕНЕЙДІ

– Ауылдық округте балаларға арналған спорт, ойын алаңдары бар ма?

– Ауылдық округте қарасты 3 елді мекенде балаларға арналған 3 шағын спорт және ойын алаңы бар. Биыл ауыл тұрғындарының сұранысына орай, Қараөзек ауылындағы Е.Дәуітбаев көшесінен 3 млн 726 мың теңге қаражатқа тағы бір балалар ойын алаңы салынды.

Алдағы жылы Қараөзек ауылынан үлкен спорт алаңын салу жоспарланып отыр. Биыл жоба-сметалық құжаттың әзірлеуге облыстық бюджеттен 145 млн 443 мың теңге қаражат бөлінбек.

– «Қожақ» автомобиль көпірін күрделі жөндеу ұсынысы қолдау тапқанын білеміз. Жұмыс қалай жүреді?

– «Қожақ» автомобиль көпірін күрделі жөндеуге биыл 5 млн 212 мың теңге қаражат бөлініп, қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі арқылы жоба-сметалық құжаты әзірленіп, қазіргі уақытта мемлекеттік сараптамадан өткізілуде. Сараптама қорытындысымен құрылыс-монтаж жұмысына қажетті қаражат көлемі анықталған соң тиісті бюджеттік ұсыныс берілетін болады.



– Аяқсу мәселесі шешілген бе?

– Соңғы жылдары ауылдық округте аяқсу тапшылығына байланысты 2022 жылы 2 дана жаңа СНП-500/10 дизельдік насостық қондырғысы орнатылып, 4 техникалық су тарту ұңғымасы қазылды. Ал биыл қосымша тағы 2 дана СНП-500/10 насостық қондырғысы алынды. Суару маусымында насостық қондырғылар «Сырдария» және «Қараөзек» арнасына орнатылып, үш елді мекенге аяқсу берілді.

Келер жылы Қараөзек дариясының бойына электрлі су сорғыш қондырғысын орнатпақпыз. Осылайша ауылдық округтегі қалыптасқан аяқ су мәселесі насостық қондырғылар арқылы шешімін тапты.

– Ауылда газ жоқ. Тұрғындар қашан «көгілдір отынның» игілігін көреді?

– Газдандыру жұмысы өте көп қаражатты қажет ететіндіктен бюджет қаражатының мүмкіндігін қарай жоспарланып, кезең-кезеңімен жүзеге асырылатыны белгілі. Ауылдық округте қарасты 3 елді мекенді ілеспе газбен қамту үшін жоба сметалық құжатын әзірлеп, сараптама қорытындысына алуға қажетті 25 млн 854 мың теңге қаржы бөлу жөнінде облыстық экономика және қаржы басқармасына бюджеттік өтінім ұсынылды. Аталған қаражат бөлініп, ЖСҚ әзірленген соң, құрылыс-монтаж жұмысына қаражат бөлу жөнінде республикалық бюджетке ұсыныс берілетін болады.

– Ауылдарыңызда тыңайтқыш өндірімін деп, мемлекеттен қаржы алған тұрғын бар екен. Оның шаруасы не болды? Жеңілдетілген несиеңіз игілігін көрді ме, әлде бастаған ісі тек сөз жүзінде қалды ма?

– «Әліп» шаруа қожалығының төрағасы Әліп Рахымжан 2022 жылы органикалық тыңайтқыш өндіру мақсатында «Сырдария-Көкшетау» несие серіктестігі арқылы 7 млн теңге жеңілдетілген несие алып, 1 МТЗ-82 тракторы мен жетегін сатып алды. Сол уақыттан бері мал шаруашылығымен қоса «Калифорниялық шылаушы» өсіріп, органикалық тыңайтқыш «Биогумус» өндірумен айналысып келеді. Бастапқы уақытта 1 шаршы метр жерден бастаған. Қазіргі уақытта 100 шаршы метр аумақты қамтып отыр. Өндіріс өнімін дикандар мен ағаш өсірумен айналысатын мекемелерге, негізгі бөлігін көкөніс өсіретін жеке тұрғындарға өткізуде. Қазіргі уақытта тыңайтқыштың 1 литрі 100 теңге, 1 қашығы (50 литр) 5000 теңгеден өткізілуде.

– Кәсіпкерлік саласы қалай дамуда?

– Жыл басынан бері 11 жеке кәсіпкер 78 млн қаржыға қол жеткізді. Мәселен, «Микробизнес-Қызылорда» несие ұйымының «Іскер» бағдарламасымен мал бағыты бойынша 7 кәсіпкер 38 млн теңге несие ала, «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» арқылы жылқы басын көбейтуге 1 кәсіпкер 15 млн теңге қаражат алды.

Сонымен қатар «Ақжол» шаруа қожалығы «Сырдария» несие серіктестігі арқылы «Еңбек» бағдарламасымен жылқы басын көбейтуге 15 млн теңге қол жеткізді.

Бұған қоса жастар бағдарламасымен 1 азамат жылқы басын көбейтуге 5 млн теңге ала, «Ауыл аманаты» бағдарламасымен 1 кәсіпкер 2,5% жеңілдіктен 5 млн теңге алып, нан өнімін шығаруда.

Ал «Еңбек» бағдарламасымен 10 азамат «Бастау-бизнес» орталығынан қысқа мерзімді оқу курсынан өтті. Осылайша 4 ауыл тұрғыны 5 млн 520 мың теңге қайтарымыз грантка ие болды. Осылайша кәсіпкерлік саласы дамып келеді.

Сұхбатты жүргізген Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА

Суреттерді түсірген

Басы 1-бетте

Нұрболат НҮРЖАУБАЙ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев аймақта отбасы және аналар мәселелеріне ерекше көңіл бөлініп, олардың рухани кемелденуіне назар аударылатынына тоқталды.

— Биыл қыркүйекте Қызылорда қаласында заманауи әрі көпфункционалды «Анаға тағзым» орталығы пайдалануға беріліп, қыз-келіншектердің рухани ордасына айналды. Облысқа жұмыс сапарымен келген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев осы орталықпен танысқан соң, «Расында, ұлттық салт-дәстүрімізді, болмысымызды, тіліміз бен дінімізді терең насихаттауымыз керек. Ұлттық құндылықтарға деген көзқарасымыз айқын болуы тиіс», — деп жоғары бағасын берді.

«Анаға тағзым» орталығы — балауса қыз баладан ардақты асыл әжеге дейін бас қосатын тәрбие мектебі. Осы жерде ақылды да парасатты аналардың, инабатты келіндердің өнегелі ісінен, салмақты сөзінен үлгі алатын жастар қатары көбейері сөзсіз.

Бүгінде тұрмыстық қиындыққа тап болған аналар мен балаларға қолдау көрсету мақсатында 7 аудан мен Қызылорда, Байқоңыр қалаларында «Бақытты отбасы» бөлімі ашылды.

Орталықтарда зәңгерлік және психологиялық көмек көрсетуден бастап, кәсіпкерлік негіздерге оқыту, бизнес-жоспар құруға, грант немесе шағын несие алуға құжат рәсімдеуге жәрдемдесу, жұмысқа орналастыру және өзге де қызметтер кезең-кезеңімен көрсетіледі. Оған қосымша жедел әрекет ету тобы құрылды. Бұл топ өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасыларға дер кезінде көмектесуді көздейді», — деді аймақ басшысы.

Басы 1-бетте

АНА — ТІРШІЛІКТІҢ АЛТЫН АРҚАУЫ



Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы республикалық Аналар кеңесінің төрағасы Назипа Шанаев «Мәдениетті ана — мәдениетті ұлт» жалпұлттық жобасы туралы баяндап, тіршіліктің тал бесігін тербеткен аналарға қандай құрмет көрсетіледі деген сұраққа жауап берді.

Шара барысында ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Қаракат Әбден форум қатысушыларына арналған бейнеқұттықтау жолдады. Сондай-ақ Павлодар облысы әкімінің әйелдер істері жөніндегі кеңесшісі, ұлағатты ұстаз, «Құрмет» орденінің иегері Бақытжамал Максимова, Түркістан облысының ата-аналар одағының төрағасы, отбасылық коуч Ақбаян Жақыпова, «Қазақстан барысы — 2022» жеңім-

пазы Мақсат Исағабаловтың анасы Роза Қуанбаева, Қызылорда облысының құрметті азаматы Алмагүл Божанова ұлағатты шараның қоғам үшін маңызы зор екенін, себебі тұтас ұлттық ақ жаулықты аналар тәрбиелейтінін жеткізді.

Тағлымға толы шарада елімізді шартарапқа танытқан спортшылар, аймақ абыройын көтерген ақындарды дүниеге әкелген аналар, облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы жолында белсенділік танытқан қыз-келіншектер түрлі аталымдармен марапатталды. Құрметке ие болғандар қатарында үш дүркін «Алтын домбыра иегері» Мұхтар Ниязовтың анасы Жұмақұл Оңғарбаева «Жұлдызды ана», Әлем чемпионатының екі дүркін күміс жүлдегері Қамшыбек Қоңқабаевтың анасы Ұлбосын Алыпқашова «Байрақты ана», ал «Қазақстан барысы-2022» Мақсат Исағабаловтың анасы Роза Қаратаева «Ұлықты ана» аталымымен марапатталды.

Форум қонақтары екі күндік бағдарлама аясында «Анаға тағзым» орталығымен танысып, форсайт сессия мен кездесу өткізіп, тәжірибе алмасты.

Бұдан бөлек, «Анаға тағзым» республикалық Аналар форумының аясында облыстық музейде Сыр елінің келешек брэндіне айналатын жәдігерлер — алтын киімді «Шірік-Рабат сак жауынгері» және алтын әшекейлі «Сығанак ханшайымы» реконструкцияларының таныстырылымы өтті.

Гайһар АСҚАРҚЫЗЫ



МЕН БІР АҚҚУ ЖАРАЛЫ...



САП-САРЫ ТОМПАҚ БАЛАПАН...

Бұлай деуімізге себеп, кейіпкеріміз кішкентай кезінде топтомпақ, көзі үлкен, сары балапандай болған екен. Сол сәтті Кенжегүл апамыз айтқанда жүзі ерекше жайнады. Өйткені ол кез ең бақытты сәті болды. Үйінің кенжесі, еркесі Кенжегүлді жақсы көретін ата-анасы, бауырлары жанында еді.

— Өзім 1969 жылы Жалағаш ауданының Жанаталап ауылында мамыр айында дүниеге келдім. Ауыл деген керемет қой, шіркін! Осы кезде еріксіз еске алып, сағынамын. Біз көп ағайынды болдық. Бірақ біразы дүниеден өтті. Бүгінде екі апам, үш ағам бар. Әрқайсысы отбасылы жандар. Ал менің отбасым — осы орталықтағы адамдар, — деп сәл көңілі түсіп кетті кейіпкеріміздің... Өрине, әрбір адамға бірге туғаны кезімбәт, жақын емес пе...

Бірақ бір байқағанымыз, Кенжегүл Бануқызы көңілінің түскенін, көз жанарының жасқа толғанын айналасына байқағанымыз келмеді. Бірден күндей күлімдеп, әңгімесін әдемі даусымен қайта жалғастырды.

— Әкемің есімін ырымдап Бану деп қойған. Ал анамның есімі — Сәнтай. Екеуі де ақкөңіл, мейірімді жандар болды. Екеуінің де маған деген еңбегі зор. Әсіресе анамның еңбегін сөзбен айтпай жеткізе алмаймын. Негізі бала өскен соң ата-анасына қараудың орнына олар маған қарады. Қайтейін, өмірім осылай болды. Анамның айтуынша, мені тоқпақтай етіп туыпты. Бірақ екі жастан асқан кезде қатты ауырып, аяқтан жүре алмай қалыппын. Үлкендердің айтуынша, көз тиген депті. Негізі екі жасымда атыл-тапыл жүріп жүрген сәтімде үйге қандай адам келсе де алдынан шығып, қолымдағы барыммен бөлісуге асығамын. Еш жатырмайды да ескенім, — деді кейіпкеріміз.

Дүниеге сау болып келген Кенжегүл өзінің екі жарым жасында сал күйге түсуін дәрігерлердің салғырттығынан деп есептейді. Бойын белгісіз дерт дендеген сәбін әке-шешесі алматылық ақсалауыларға апарып көрсетсе, олар жұлынынан сарысу алыпты. Есейген шағында көп адам мұның дұрыс емесігін айтқанда өкінгені рас. Бірақ әттен, не пайда?

Дәл осы сәтте кейіпкеріміздің мына өлеңі ойға түседі.

— Тағдыр, тағдыр неге болдың тармандай,

Бар өшінді менен келіп алғандай.
Сол бір ғазиз сәби бала шағмынан,
Кесел болып қалды менен айрылмай.
Жазылмадым, ауру кетпей ем қонбай,
Тым болмаса Алла жүрші сіз қолдай.
Бақыт деген байлық емес, басқа емес,
Осу екен өзгелерден кем болмай.
Бұл ғана емес көңіліңнің жарасы,
Қасқайып тұр қасіреттің қарасы, —
деп «Жаратқан ием, жанарыңды салшы маған» атты өлеңінде өзі туралы жазды.

БОЙЖЕТКЕН ШАҚ...

Балалықтан кейін бойжеткен шағында бұлыңғыр сәттер көп болды. Кейде жылап, кейде өмірден кеткісі келетін кездің болғанын да еш жасырмады. Өйткені оның өмірінде жанарын жасқа, кеудесін өкіске толтырған өзгерістер күтіп тұр еді.

АЛҒАШҚЫ ӨЛЕҢІ

Қолыма қалам алғызған,
Қиялға мені салғызған.
Тосекке тағдыр таңғызған,
Мұң шағады жалғыз жан.

Бал дәурен өтіп барады.
Белгі жоқ бұлдыр базары,
Қасірет-қайғы азабы,
Мен бір аққу жаралы.

Аяқтан тұрып жүрмеген,
Қадірсіз құлар құр денең,
Табаным жерге түмген,
Топырақ нәрін сезбеген.

Жалғанға жалған дүние.
Әміршім Алла бір ие.
Алаңдап жүрмін күніге,
Үмітті қосып үніме.

Армансыз адам болмайды.
Тілекті олар сомдайды.
Жөн сұрасаң қолдайды,
Адасса арман сол қайғы.

Бал дәурен өтіп барады,
Белгі жоқ бұлдыр базары,
Қасірет-қайғы азабы,
Мен бір аққу жаралы.

1993 жылы төрт жарым жыл бойы тосекке танылып жатқан анасы көз жұмды. 1994 жылы әкесі, бір жылдан соң ағасы бірінің артынан бірі ана дүниеге аттанып кете берді. Тағдыры бұралаң талент иесі қарттар үйіне жастықтың нағыз жалындыраң 27 жасында түсті. Содан бері өлеңнен артық досы жоқ. Оған сырған да айтады, мұның да шағады.

БҮГІНГІ СӘТ...

Жаны қиналған кезде қағаз бетін шимайлап, содан бір жеңілдеп қалатын жайы бар. Ол қағаз бен қаламды 13 жасынан серік етті. Өлең құрап, ұйқаса, оған ен шығарып, жан жарасына дәру етеді. Көктегі Алла оған дарынды аямай-ақ берген. Өзінің жүрекжарды туындыларымен қалалық, облыстық байқауларда бағын сынап келеді. Олардан қоржыны бос қайтқан кездері болған емес. Көптеген алғыс хат, диплом бөлмесінде ілулі тұр. Оған қоса «Мәдениет мейрамханасы» медалін алса, «Үздік әнші» атағы тағы бар. Арманы асқақ, мұраты биік. Себебі «Армансыз адам қанатсыз құспен тең» демеі ме?!

— Өрине, адам болған соң армандайсың. Өз отбасың болып, тұрмысқа шығып, саби сүю бақытың сезінгің келеді. Өйткені адамның өмірі ұрпағымен мәнді. Ал менің ұрпағым болмаса да ертеңгі күні атымды өшірмейтіндей өлеңдерім қалса, әрқайсысым жастар айтып жүрсе деген тілек бар, — деді кейіпкеріміз.

Жастар демекші, Кенжегүл Бануқызын іздеп, оқушылар, студенттер келіп тұрады. Өн салуға қабілеті барлар ақыл-көнісін алуға арнайы келеді екен. «Маған қандай ән айтқан дұрыс, көмектесіп жіберіңізші. Сіздің өнеріңізге тәнтіміз. Кітабыңыз болса бересіз бе?» деп хабарласатындар көп-ақ. Осы күні кейіпкеріміздің біраз өлеңі бар. Оның бір бөлігі 2016 жылы «Мен бір аққу жаралы» атты алғашқы кітабында

басылған. Ал өткен жылы А.Тоқмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде шығармашылық кеші өтті.

— 1998 жылы «Өнер — жан азығы» атты облыстық фестивальден 2-орын алдым. Жыр әлеміне алғашқы қадамым осылай басталды. Түрлі шығармашылық байқауға, кештерге қатысып келемін. Қарттар үйінің сол кезегі басшысы ризашылығы ретінде осындағы бір бөлмені басы бүгін өзіме босатып берді. Оған дейін қасымда карт кісілер болды. Олар шуды жақтырмайды ғой. Музыкалық аппаратпен жұмыс істеу қиын еді. Қазір өзіммен-өзіммін. Кітап оқимын, өлең жазамын, осылай күнім өтіп жатыр, — деді кейіпкеріміз.

Бүгінде оның он шақты өлеңіне ән жазылған. Оларды жергілікті әншілер орындап жүр. Осылайша кейіпкеріміз өмірде асқар таудай әкесінен дарыған ақындығын, аяулы анасынан берілген әдемі дауысын жанына серік етуде.

АРБАДАҒЫ ЖАННЫҢ АРМАНЫ

— Өр мереке сайын жаным ауырады. Желтоқсанның басында мүмкіндігі шектеулі жандардың күні аталып өтеді. Мүмкіндігі шектеулі десек те бұл жандардың өмірге деген құштарлығы басым болады. Әрқайсысының өз таланты бар. Міне, мерекеде сондай жігерлі жандармен бас қосудың өзі керемет емес пе, — деді Кенжегүл Маханбетова.

Қарттар үйінен бір бөлме беріліп, өзі жеке тұрса да жаны жалғыздықтан жабырқаулы. Ол да өз баспанасы болғанын армандайды. Сонымен қатар өнер жолына, шығармашылығына шектеу қоймай, әрмен қарай жалғастырып, кітабын қайта бастырып, көбейтіп шығарғысы келеді. Қолдаушылар табылып, қаражат мәселесі шешілсе, кейіпкеріміздің ойға алған бұл арманы да орындалар деген үміттеміз.

Тіліші түйіні

Әңгіме арасында «Өлеңдерімнің бәрі қайғы-мұңдан құралған. Қатты қуанып жазған өлеңім жоқ екен. Балкім, кім білер, алдағы күні ойымдағы мақсатым жүзеге асып, тамаша туындылар туып қалар» деді Кенжегүл Бануқызы күлімдей қарап. Өрине, неге болмаса?! Алла бұйырғанда бәрі болады. Тек кеудеде жаны бар кезде адам жақсылықтан үміт үзбеуі керек. Тағдырдың сынағаны сынбай таланттымен талайды тамсандырып келе жатқан біздің кейіпкеріміздің жарық та жақсы күні әлі алда деген сенімдеміз. Солай болуын тілейміз.

Ақтоқын НУРЛЫБАЙ
Суретті түсірген НҮРЖАУБАЙ

Меншік иесі:

СЫР
МЕДИА

жауапкершілігі
шектелген

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А, Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-І.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ-4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдарды пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтініді, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3109 Тапсырыс №1907
Нөмірдің кезекші редакторы Назира МҰҚАТАЕВА